

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

08



30.11.2025 ж. Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен №59 орта мектебінде волейболдан 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 2008-2010 жылы туылған қыздар арасында қалалық ашық турнирі өтті. Жарысқа 10 команда қатысып өзара мықтыны анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша:
1 - орын «Жасын» спорт клубы
2-орын Жамбыл жоғары медициналық колледжі
3-орын №59 орта мектебі

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдар және арнайы естелік сыйлықтармен марапатталды.

Надирова Жұлдыз 103М-9/25 топ студенті Үздік шабуылшы және Беишенов Сағи Сабырұлы Үздік төреші атанды.



31.10.2025 жылы М.Х.Дулата атындағы Тараз университетінің филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің «Әлем тілдері» кафедрасының, «Lingualab» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен өткен Өңірлік эссе жазу байқауында Жамбыл жоғары



медициналық колледжінің 220 ЕФ - 9/24 топ студенті Оңалбек Жібек III орынға ие болды; 127 ЛД-11/25, 201 М-9/24 топ студенттері Абдуллин Рафаиль мен Надирова Мерей байқауға қатысып, тамаша жазудағылары мен шығармашылық қабілеттерін танытқаны үшін Сертификатпен марапатталды.



Жетекшілері: Н.М.Кенбаева, Б.А.Қырықбаева, Қ.А.Тойланбаева.



Қостанай жоғары медициналық колледжі ұйымдастыруымен өткен «Акушерлік іс» мамандығы бойынша медициналық колледж студенттеріне арналған «Жүктілік пен босануды жүргізудің заманауи тәсілдері» тақырыбындағы Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына 331 топ студенттері

Бегимова Ақниет Марсбековна, жетекшісі Махатова А.Б. және Қайрат Талшын, жетекшісі Парман Ә. М., қатысып, жүлделі III орын иеленді, Тұралы Аяулым Қазбекқызы және Байұзақ Сағыныш Байұзаққызы сертификатпен марапатталды, жетекшісі Турмысова Ф.Д. Колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нурғалиевна Алғыс хатпен марапатталды.

18-20.11.2025 ж. Түркістан қаласында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі мен Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжінің 90 жылдық мерейтойына арналған ТЖКБ ұйымдарының ұстаздары мен қызметкерлері арасында өткен «Edu Volley-2025» республикалық волейбол жарысына Жамбыл облысы командасы қатысып жүлделі III орын иеленді. Команда құрамында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Досжанова Марианна Турдалиевна қатысып, сертификатпен марапатталды.



«URKER MITEC» орталығының ұйымдастыруымен медицина саласында оқитын 1 және 2 курс студенттері арасында өткізілген «Гиппократ» Республикалық олимпиадасына колледж студенттері қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

1 орын - Тұңғышбек Т.Д., Абдырахманова Ж.Г., Сағитжан А.М., Бейсембек А.С., жетекшісі Айдралиева А.Б.

2 орын - Жанабекқызы А., жетекшісі Айдралиева А.Б.

1 орын - Сұлтанхан Ә.А., жетекшісі Бердіш Н.Б.

1 орын - Тулкибаева Ж.Д., жетекшісі Нұрмаханбетова А.Н.

1 орын - Эгамбердиева Д.Ш., Ильхом Т.О., Шералиева Р.Р., Юсупова Н.Р., жетекшісі Юсупова Н.Т.

2 орын - Жолдас Б.А., Беккүл Ж.Ж., жетекшісі Таңат Г.Б.

2 орын-Абдураймова М.И., жетекшісі Алтынбекова Ж.Р.

2 орын- Амзекүл А.А., Мусирепбекова Ш.Ж., жетекшісі Тұрдалиев Д.И.

3 орын - Абдірахым Б.А., жетекшісі Септесін Г.Қ.

3 орын - Жақсылық А.Н., жетекшісі Септесін Г.Қ.


3 орын- Болатбек А.Б., жетекшісі Алтынбекова Ж.Р.

Пиржанова Айдын Ерлановна-олимпиаданың қатысушысы екендігін растайтын сертификатқа ие болды, жетекшісі Омарбаева В.Е.



болашақтағы серіктестік» атты облыстық байқауға колледжіміздің 316ЕФ-9/23 студенті Мақұлбек Ерасыл және 116ЕФ-9/25 топ студенті Серік Азамат қатысып, Сертификатқа ие болды.

Ғылыми жетекшісі: информатика пәні оқытушысы Құдайбергенова А.К.



Білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолындағы жоғары кәсіби шеберлігі, қызметтік міндеттерді адал атқарғаны және білім саласындағы

табысты еңбегі үшін «Мейіргер ісі» бөлім меңгерушісі **Айдралиева Асель Болатовна** Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Алматыда С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Мейіrbике ісі» бойынша маңызды халықаралық диалог өтті. Колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна



Әзірбайжан Республикасынан келген делегацияның сапары аясында «Мейіrbике ісі бойынша білім берудің жағдайы мен болашағы: Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстелге қатысып, Сертификатпен марапатталды. Әзірбайжан делегациясы С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылығымен және профессорлық-оқытушылар құрамымен кездесті. Тараптар медбикелерді оқыту бойынша тәжірибе алмасты, кәсіби құзыреттерді дамытудың заманауи тәсілдерін талқылады, академиялық ынтымақтастықты нығайтты. Халықаралық кездесу тың идеялардың, бірлескен ғылыми бастамалардың, академиялық ұтқырлықтың, екі ел арасындағы медициналық оқу орындары арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың бастауы болмақ.

28.11.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» және Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткізілген «Адам және жасанды интеллект: цифрлық



«JuniorSkills Jambyl -2025» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына жетекшілік жасағаны үшін колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна

Жамбыл облысы әкімдігінің Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының Алғыс хатымен марапатталды.

Республикалық «Білім» орталығында мектеп оқушылары және колледж студенттері арасында өткізілген «Жас зерттеуші академиясы» атты ғылыми жобалар байқауына колледждің 2 курс студенті Ерболатқызы Нұрила «Developing critical thinking through english debat activities»



тақырыбындағы үздік жұмысын ұсынып, өз ізденісімен ерекшелене отырып ғылымға қосқан үлесі үшін дәрежелі I Дипломмен марапатталды, жетекшілік жасағаны үшін бөлім меңгерушісі Саурбаева Лаура

Бековна Алғыс хатпен марапатталды.

02.12.2025 ж. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен облыстық «Абай QUIZ» зияткерлік ойыны өткізілді.



Ойынға 14 команда қатысып, бақтарын сынады. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің студенттері Абдралиев М., Серік А., Сейтахмет А., Үсенбай А., Жумакенова А. қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Абдраимова Н.Ж.